Зерттеу материалы ретінде халықаралық рейтингтерде жоғары орын алған және әртүрлі елдерде көрермен ықыласына ие болған "Flesh and Bone", "Dance Academy", "Step Up: High Water" сынды телесериалдар алынды. Бұл туындылардағы хореографияның драматургиялық құрылымға ықпалы, кейіпкерлердің сезімін жеткізудегі рөлі және көркемдік-философиялық астары сарапталады. Сондай-ақ, хореографияның телевизиялық медиадағы тарихи дамуына қысқаша шолу жасалып, заманауи көрерменнің қабылдау ерекшеліктері де қарастырылады (1-ші кестеге қараңыз).

1-ші кесте. Телесериалдардағы хореографияның мазмұндық салыстырмалы кестесі

Сериал атауы	Би түрі	Идеологиялық мазмұны	Көркемдік ерекшелігі
Flesh and Bone	Балет	Перфекционизм мен психологиялық қысым, гендерлік теңсіздік, өнер мен капитализм арасындағы қақтығыс	Психологиялық драматизм, балет пластикасы арқылы ішкі жан дүниені көрсету
Dance Academy	Классикалық және заманауи би	Жасөспірімдердің тұлғалық дамуы, тәрбие мен отбасылық ықпал, ішкі сенім	Эмоцияға негізделген драматургия, биді өзіндік тіл ретінде қолдану
Step Up: High Water	Хип-хоп, көше билері	Нәсілдік теңсіздік, әлеуметтік қарсылық, өзін-өзі тану, еркіндік символы	Қарқынды динамика, хип-хоп элементтері арқылы ішкі күресті жеткізу

Телевизиядағы хореографиялық шоулар 1950-ші жылдары бастау алып, Ұлыбританиядағы "Come Dancing" (1950–1998) және АҚШ-тағы "American Bandstand" (1952–1989) жобалары осы жанрдың алғашқы үлгілері болды. Олар би мәдениетін бұқаралық деңгейде насихаттап, көрерменнің эстетикалық талғамына ықпал етті.

"Come Dancing" британ қоғамына соғыстан кейінгі кезеңде эстетикалық серпін беріп, 2004 жылы "Strictly Come Dancing"атауымен жаңғырды. Бұл жобаға қатысты Карен Вуд (2012) би арқылы аудиторияның эмоциялық байланысын дәлелдесе, Кеон Вест (2012–2021) дауыс беру статистикасынан этникалық дискриминацияны айқындады.

Хореографияны терең ашқан туындылар қатарында "Flesh and Bone" (Starz 18) ерекше аталады (2-ші суретті қараңыз). Бұл сериалда балет әлеміндегі перфекционизм, психологиялық қысым, әлімжеттік, гендерлік теңсіздік және өнердің капиталға тәуелділігі хореографиялық көріністер арқылы ашылады. Сарапшылар оны балеттің қатал шындығын көрсеткен шығарма деп бағалады.

"Dance Academy" (ABC3, 2010–2013) жасөспірімдерге арналған драма ретінде би өнерін тұлғалық қалыптасумен сабақтастырады. Кейіпкерлердің психологиялық жағдайлары бидегі транзициялар, стиль таңдау және қимылдар арқылы бейнеленіп, ата-ана тәрбиесі мен әлеуметтік орта факторларының ықпалы айқындалады (3-ші суретті қараңыз).

"Step Up: High Water" (2018–2021) хип-хоп пен көше билерін алға шығарып, би өнерін өзін-өзі табу, әлеуметтік қиындықтан арылу құралы ретінде көрсетеді. Кейіпкерлердің би стилі олардың ішкі жан дүниесімен, әлеуметтік мәртебесімен және қоғамдағы орнын іздеуімен тығыз байланысты (4-ші суретті қараңыз).



2-ші сурет. “Flesh and Bone” фильмінен көрініс. Дереккөз: *YouTube*, жүктелді shannonsuxx, 13 ақпан 2016, youtu.be/vCdR4_JHRZ4?. Қарастырылған мерзімі 10 наурыз 2025.



3-ші сурет. “Dance Academy” фильмінен көрініс. Дереккөз: *Dance Academy-дің X-тегі ресми парақшасы*, 15 желтоқсан 2016, x.com/danceacademyau/status/809134571094556672. Қарастырылған мерзімі 10 наурыз 2025.



4-ші сурет. “Step Up: High Water” фильмінен көрініс. Дереккөз: *IDMb*, imdb.com/title/tt7369974/mediaviewer/rm3037282816/. Қарастырылған мерзімі 10 наурыз 2025.

Жалпы алғанда, бұл үш сериал хореографияның экрандық репрезентациядағы көпқырлы рөлін ашады: ол эстетикалық қана емес, идеологиялық, әлеуметтік және психологиялық мәнге ие мәдени код ретінде көрінеді.

Зерттеуде әрбір телесериалдың хореографиялық көріністері жеке-жеке сипатталып қана қоймай, олардың құрылымдық-идеологиялық конфигурациялары салыстырмалы түрде талданды (2-ші кестеге қараңыз).

2-ші кесте. Хореографиялық сегменттің идеологиялық конфигурациясы

Сериал	Басым қозғалыс лексикасы	Камера/ монтаж	Музыка	Нарративтік функция	Идеологиялық регистр	Кілтті тезис
Flesh and Bone	Балет (экстремалды перфекцио-низм)	Жақын пландар, үзік монтаж	Нео-классика	Ішкі күйзеліс, қысым	Гендер + сынып (өнер/капитал)	Мінсіздік культы денені тәртіп объектісіне айналдырады
Dance Academy	Классика + модерн	Орта пландар, жұмсақ кесім	Поп/Нео-классика	Есею, инициация	Отбасы/тәрбие (құндылықтар)	Тәртіп пен эмоция теңгерімі тұлғалық агенттікті өсіреді
Step Up: High Water	Хип-хоп/ стрит	Динамик. камера, жылдам монтаж	Бит-драйв	Қарсылық, өзін табу	Нәсіл/қала кеңістігі	Қозғалыстың коллективті синхроны – қауымдастықтың дауысы

Телесериалдардан шығармашылық топтың хип-хоп, брейк данс сияқты көше билерінің де терең эмоция мен көркемдік мәні бар екенін көрсетуге тырысқаны байқалады. Би – әлеуметтік-саяси жүйеге қарсылық көрсету тілі ретінде де қолданылады. Мұндағы көп хореографиялық қойылым нәсілшілдік пен жастардың еңбегін бағаламау, дамуларына кедергі келтіру сияқты қоғамдағы әділетсіздіктерді сипаттайды. Сериалдағы тағы бір маңызды идеологиялық тақырыптың бірі – гендерлік теңдік. Классикалық балетте бидегі ер мен әйел рөлі белгілі болса, көше билерінде таразы тең. Қыздар мен жігіттердің қимылдары синхронды, бірдей.

Нәтижелер және талқылау

Жалпы, үш сериалдың айырмашылықтарына тоқталатын болсақ: “Flesh and Bone” сериалы элиталық өнердің көпшілік біле бермейтін қараңғы жақтарын суреттейді. Сахналар тым ауыр. Кейіпкерлерінің жазылмайтын жан жаралары көп, сондықтан да бұйығы, тым қатігез. Ол жараларын сезбеу үшін тәндерін де аямайды. Тәндері бәсекеге төтеп беруші құрал ғана. Олар биді бір үміт көргенімен, балеттегі мансаптары үшін өздерін құрбандыққа шалғандар. Көрермені негізінен ересектер, балетке қызығушылар мен сол саланың мамандары.

“Dance Academy” сериалы болса жасөспірімдер мен жастардың есейіп, ержету кезіндегі қиындықтармен күресуі, тұлға ретінде дамып, ересектер әлемімен танысуы жайлы. Би – олардың арманға жету, өзін дамыту, қоғамның бір мүшесі ретінде

қалыптастыратын құрал. Өмірде болатын кей жағымсыз шындықтарды, кездесетін кедергілерді қабылдап, өз жолын соған сәйкес жоспарлай алған жан ғана бәсекеге төтеп бере алады. Жасөспірімдерге отбасымен көруге арналған сериал.

"Step Up: High Water"-де жастарға арналған. Бұл жерде би – өмір үшін күрес. "Flesh and Bone" сериалындағы кейіпкерлер зиялы ортадан абырой іздеп, элита өкілдері болу жолында күрессе, "Dance Academy" сериалында биік лауазымда болмаса да, әлеуметтік статусы жоғары, ауқатты немесе орта таптағы отбасынан шыққан жастар тұлға болып қалыптасу үшін еңбектенеді. Ал "Step Up: High Water" телесериалындағы жастардың жалғыз құндылығы – өмірлері. Би – олар үшін ешқандай статус, бала кездегі арман ғана емес, өмір үшін күрес. Өздерін, өздері шыққан ортаны қоғамның бір бөлшегі екенін көрсету жолы.

Ғалымдар Менцзе Ху мен Ди Фан хореографиялық қозғалыстың ритммен үйлесімділігі мен мәдени стильдік ерекшеліктерін зерттей отырып, би өнерінің семиотикалық және эмоционалдық ықпалын сандық тұрғыда негіздеген (109). Авторлар хореографияны көркемдік форма ғана емес, мәдени мағына мен идеяларды тасымалдаушы құрылым ретінде қарастырады. Олар қозғалыс паттерндері арқылы көрерменге әсер етудің механизмдерін аша отырып, бидің вербалды емес коммуникация ретіндегі рөлін нақтылайды. Бұл тұжырымдар телесериалдардағы хореографияны идеологиялық-функционалдық мазмұн тұрғысынан талдауда маңызды негіз бола алады. Себебі сериалдағы би көріністері де эмоцияны, конфликтіні және мәдени кодтарды көркем қозғалыс арқылы жеткізудің қуатты құралы ретінде қолданылады.

Қазіргі медиамәдениеттегі хореография – тек көркемдік элемент қана емес, мәдени естелікті және идеологиялық бағдарларды көрнекі түрде жеткізетін күшті семиотикалық құрал. Телесериалдарда би арқылы ұлттың дүниетанымы, тарихи жадысы, әлеуметтік құрылымы мен рухани құндылықтары бейнеленеді.

Мәселен, "Flesh and Bone" (Starz), "Step Up: High Water" (YouTube Red/Starz) және "Dance Academy" (Netflix) телехикаялары әлемнің әртүрлі елдерінде кең аудитория жинап, орта есеппен 4–6 миллионнан астам көрерменге жеткен. Бұл көрсеткіштер аталған жобаларда көтерілген гендерлік теңсіздік, шығармашылық қысым, нәсілдік және әлеуметтік иерархия мәселелерінің халықаралық деңгейде өзектілігін дәлелдейді. Демек, хореография арқылы жеткізілетін осы мағыналар теленарративтің жалпы адамзаттық мазмұнға ие екенін көрсетеді.

Алайда, Қазақстан қоғамында бұл мәселелер әзірге кең қоғамдық дискуссияның негізгі өзегіне айнала қойған жоқ. Осы тұрғыдан алғанда, хореография телесериалдарда мәдени рәміздерді, тарихи кодтарды және идеялық бағдарларды көркемдік формада визуалды жеткізудің пәрменді құралына айналуы мүмкін.

Алдымен, А. Б. Шанкибаева өзінің «Қазақ хореографиясы: формалардың және көркемдік құралдардың дамуы» атты монографиясында қазақ би өнерінің тарихи қалыптасуы мен көркемдік формаларын терең талдайды (64). Автор хореографиядағы нақыштарды, бейнелер жүйесін және пластикалық тілдің ерекшеліктерін аша отырып, биді менталитетті бейнелеудің құралы ретінде сипаттайды. Бұл тұжырым телесериалдарда дәстүрлі би элементтерінің көркем репрезентациялануын зерттеуде аса маңызды.

Г. Т. Жумасеитова «Қазақстан хореографиясы. Тәуелсіздік кезеңі» атты еңбегінде тәуелсіздік жылдарындағы хореографияда орын алған концептуалдық және стилистикалық өзгерістерді көрсетеді (159).

Э. В. Сытова зерттеулерінде хореографияның тәрбиелік және эстетикалық әлеуетіне ерекше мән береді. Ол бидің балалар мен жасөспірімдердің рухани дамуына, этикалық бағдарлары мен мәдени құндылықтарға бағдарлануына ықпал ететінін дәлелдейді (Сытова 178). Бұл көзқарас телесериалдарда балалар мен отбасыға бағытталған сахналарда хореографияның қолданылу ерекшелігін талдауда маңызға ие болады.

Фолк-модерн стилінің теориясын қарастырған С. В. Устяхин дәстүр мен жаңашылдықтың синтезі арқылы жаңа көркемдік мәндер тудыру механизмін сипаттайды (98). Телесериалдарда фольклорлық элементтердің заманауи интерпретация арқылы берілуі көрерменге жақын әрі символдық тұрғыда терең мәнге ие көрініс тудырады. Бұл сериалдың мәдени кодты жеткізу функциясын күшейтеді.

М. Ху, және т. б. еңбегінде хореографиялық қойылымдарды модельдеуде «кілттік кадрды басқару» әдісі талданады (111). Зерттеу би қозғалыстарын стильдік тұтастығын сақтай отырып автоматтандыруға мүмкіндік беретін технологиялық тәсілді ұсынады. Бұл жұмыс хореографияның тек өнер ғана емес, сонымен бірге алгоритмдік құрылым ретінде қарастырылатынын көрсетеді. Мұндай әдіснамалық қадам телевизиялық хореографиядағы қозғалыс семиотикасын талдауда пайдалы, себебі әрбір қимылдың стильдік кодын сақтай отырып, оның мәдени және идеологиялық мағынасын ашуға жағдай жасайды.

Мәдени репрезентация теориялары тұрғысынан С. Холл (Stuart Hall) репрезентацияның идеологиялық сипатын ашып, бейнелеу формаларының әрдайым белгілі бір әлеуметтік күштердің ықпалында құрылатынын алға тартады.

Зерттеу барысында А. Б. Шанкибаева, Г. Т. Жумасеитова, Э. В. Сытова, С. В. Устяхин, В. Ю. Никитин, Л. К. Вычужанова, С. Холл, Mengjie Hu, Di Fan секілді зерттеушілердің еңбектеріне сүйене отырып, хореографияның символдық, семиотикалық және идеологиялық қызметтері жүйелі түрде сараланды. Бұл еңбектер телесериал кеңістігінде би өнерінің репрезентативтік қуатын ашуға теориялық әрі әдіснамалық негіз қалады.

Осы зерттеудің нәтижелері хореографияны телесериалдар мен медиаөнімдерде тарихи сана, мәдени құндылықтар және идеологиялық бағдарларды бейнелеудің пәрменді құралы ретінде қарастыру қажеттігін көрсетеді. Хореография тек көркем әрекет емес, ол – әлеуметтік қатынастар мен тұлғалық болмысты танудың да құралы. Бұл медиамәтіндер мен көркем өнер арасындағы шекараларды өшіріп, хореографияны медиалық коммуникацияның маңызды түріне айналдырады.

Қазіргі медиамәдениет кеңістігінде хореография тек көркемдік-эстетикалық әсерге бағытталған өнер формасы ғана емес, әлеуметтік, тарихи және идеологиялық мазмұндарды көркем формада репрезентациялайтын көпқабатты семиотикалық жүйе ретінде көрініс табады. Телесериалдарда хореографиялық сахналар арқылы тарихи жады, тұлғалық даму мен қоғамдық құрылым бейнеленіп, көрерменмен терең символдық-коммуникативтік байланыс орнатылады.

Уақыт пен кеңістік өлшемінде би өнерінің трансформациясын қарастырған Т. О. Ізім хореографияның мәдени-тарихи контексте дамуын уақытаралық сана мен бейнелеу жүйесі ретінде қарастырады (42). Автордың пайымдауынша, би – өзінің мазмұны мен формасы арқылы тарихи кезеңнің рухани сипаттарын жинақтап, эстетикалық формада ұсына алатын феномен. Бұл тұжырым сериалдық хореографиядағы тарихи кодтардың көркем репрезентациясын талдауда теориялық негіз бола алады.

Хореографиялық қойылымның репертуарлық және симфониялық мазмұнын қарастырған Л. А. Жуйкова мен Д. Б. Есентаева қазақ балет театрының сценографиясы мен композициялық құрылымын саралай отырып, хореографияның формалық тілін музыкалық драматургиямен тығыз байланыста сипаттайды (57). Бұл синтетикалық тәсіл телесериалдардағы сахналық хореографияның көркем тұтастығын, көрерменге әсер етуші көркемдік құрал ретінде тиімділігін түсіндіруге мүмкіндік береді.

Р. С. Зарипов пен Е. Р. Валяева би драматургиясы мен композициясына арналған еңбегінде қозғалыстың пластикалық логикасы мен хореографиялық сахна құрудың негізгі заңдылықтарын теориялық және әдістемелік деңгейде егжей-тегжейлі сипаттайды (351). Авторлар би құрылымының идеялық жүктемесін, сахналық кеңістікте идеяны қимыл арқылы ашу тәсілдерін нақтылай отырып, биді семантикалық құрылым ретінде қарастырады. Бұл тәсіл телесериалдарда бидің сюжет құрушы құралға айналуын және оның идеологиялық мазмұнды көркемдік деңгейде қалыптастырудағы рөлін дәйекті түрде ашады.

Д. Уразымбетов және Т. Молдалім хореографиялық жобаларға арналған музыка жасаудың бағыттары мен тәсілдерін зерттей отырып, музыка мен қимыл қозғалыс арасындағы өзара байланыс модельдерін нақты кейстер арқылы сипаттайды (78). Музыкалық құрылым мен бидің ритмикалық-композициялық негізінің үйлесімділігі сериалдағы хореографиялық сахналардың эмоционалдық және семиотикалық әсерін арттырып, көркемдік тұтастықты қамтамасыз етеді.

Қазіргі медиамәдениеттегі хореография тек эстетикалық әсерге бағытталған көркем форма ғана емес, әлеуметтік дискурстарды, мәдени кодтар бейнелейтін семиотикалық жүйе ретінде зерттеліп келеді. Соңғы ғылыми еңбектерде хореографиялық қозғалыстың құрылымы мен символдық мәні медиалық репрезентацияның негізгі элементі ретінде қарастырылады. Мәселен, Н. Оллора-Триана (Natalia Ollora-Triana) бірлескен авторлармен би қойылымын мағына құрау үдерісі ретінде сипаттап, көрерменнің қабылдауы мен интерпретациясы хореографияның семиотикалық толықтығын анықтайтынын дәлелдеген (57).

Бұл пікірді А. Майоранида (Arianna Maiorani) бірлескен авторлармен қолдайды. Олар балет сахналары мен телевизиялық хореографияны қозғалысқа негізделген семиотикалық жүйе ретінде зерттеп, бидің құрылымдық және мазмұндық элементтерін эмпирикалық әдістермен талдаудың мүмкіндігін көрсеткен (Maiorani, et al. 98). Мұндай тәсіл телесериалдардағы хореографиялық сахналардың ішкі драматургиясын, кейіпкердің эмоционалды трансформациясын ғылыми тұрғыда сипаттауға мүмкіндік береді.

В. Лиюэн (Van Leeuwen) қозғалыстың кеңістікте берілуін, мобилділік пен қимылдың мәдени кодқа айналуын әлеуметтік семиотиканың маңызды объектісі ретінде қарастырады. Оның пайымдауынша, би – тек дене қимылы емес, әлеуметтік мәні бар мәдени әрекет (Van Leeuwen 190). Бұл тұжырым телесериалдардағы хореографияны кросс-мәдени дискурсты көрнекі жеткізетін құрал ретінде қарастырудың өзектілігін күшейтеді.

Хореографиялық сериалдардың бұқаралық мәдениеттегі орны мен ықпалы тек көркем мазмұнмен шектелмей, кең аудиториямен байланыс орнатудағы әлеуетімен ерекшеленеді. Бұл орайда М. Малон (Michael Malone) "Flesh and Bone" телесериалы арқылы балеттің көлеңкелі қырларын көрсетіп, әйел аудиториясын тарту жолдарын зерттейді (*nexttv.com*). Автордың пайымдауынша, балет әлемінің шынайы және кейде қатігез көріністері көрерменге драмалық тартымдылық береді, бұл хореографияның көркемдік қана емес, әлеуметтік функциясын да паш етеді. Дж. Филипс-Фейн (Jesse Phillips-Fein) өз кезегінде жастар аудиториясының танымында би телесериалдарының әсерін саралай отырып, мұндай контенттің мәдени кодтарды қабылдауға, стереотиптерді ұғынуға мүмкіндік беретінін дәлелдейді ("How We Dance"). Х. Харрингтон (Heather Harrington) болса, би конкурстары мен әлеуметтік желілерде би тұлғасын тұтынушы ретінде қалыптастыру үдерісін сипаттап, қазіргі заманғы телесериалдар мен әлеуметтік медиа арасындағы мәдени диалогты ашады ("Consumer Dance Identity"). Бұл зерттеулер хореографиялық сериалдардың қазіргі мәдени кеңістіктегі күрделі әрі көпқырлы рөлін айқындай отырып, олардың эстетикалық, әлеуметтік және медиааралық өзара әрекетінің өзекті екенін көрсетеді.

Зерттеу барысында шетелдік телесериалдардағы хореографиялық репрезентациялар эстетикалық, символдық және идеологиялық мазмұндарды жеткізудің тиімді формасы ретінде талданды. Алайда, осы тәжірибелерді отандық медиамәдениет кеңістігімен сабақтастыра қарастыру – маңызды бағыттардың бірі. Бұл әсіресе Қазақстан қоғамының мәдени-көркем динамикасын, әлеуметтік дискурстарын және кадрлық әлеуетін ескергенде өзектілікке ие.

Соңғы жылдары Қазақстанда хореографиялық білім беру кеңістігі айтарлықтай кеңейіп, кәсіби мамандарды даярлайтын оқу орындарының үлесі артты. Әсіресе, Қазақ ұлттық хореография академиясы мен А. В. Селезнев атындағы Алматы хореографиялық училищесі секілді мекемелерден жыл сайын көптеген дарынды балет әртістері түлеп шығады. Бұл кадрлық база – отандық телесериалдарда хореографиялық мазмұнды сапалы және мазмұнды түрде жүзеге асырудың нақты алғышарты. Алайда, бұл шығармашылық әлеует кең аудиторияға толықтай танымал бола қойған жоқ.

Осы тұрғыдан алғанда, хореографиялық телехикаялар тек мәдени кодтар мен әлеуметтік дискурстарды бейнелеу құралы ғана емес, жас таланттардың шығармашылық жолын танымал ету, отандық хореографияны халықаралық кеңістікке шығару мүмкіндігі ретінде қарастырылуы тиіс. Бұқаралық аудиториямен байланыс орнату арқылы мұндай сериалдар жас буынның эстетикалық тәрбиесіне, кәсіби бағдарлануына ықпал етіп, өнер мен қоғам арасындағы көпірге айналуы ықтимал.

Сондай-ақ, отандық телесериалдарда хореографияның көмегімен әлеуметтік теңсіздік, өңіраралық дисбаланс, миграциялық қиындықтар, мәдени және ұлттық

идентификация мәселелері көркемдік-пластикалық тілмен жеткізілсе, бұл көрерменде өзін тану мен ортаға бейімделу үдерістерін терең ұғынуға жол ашады. Қалалық және ауылдық менталитеттің қақтығысы, дәстүр мен заманауи құндылықтардың шиеленісі, ұрпақаралық түсініспеушілік сынды тақырыптар да би сахналары арқылы әсерлі сипаттала алады.

Бүгінде жаһандық трендке айналған хореографиялық сериалдар – көркем форма арқылы қоғамдық дискурсқа араласудың пәрменді жолы. Қазақстандық мәдениетте бұл бағыт әлі жүйелі қалыптаспағанымен, тәжірибелік және шығармашылық негіз жеткілікті. Еліміздің тарихи жады, фольклорлық бейнелер мен рәміздер, заманауи хореография элементтерімен үйлесім тауып, креативті сценарийлік шешімдерге ұласса, бұл сала көркем де идеологиялық тұрғыдан бай телеөнімдердің пайда болуына негіз болады.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, хореографиялық телесериалдар – қазіргі медиамәдениеттің эстетикалық, семиотикалық және тәрбиелік функцияларын тоғыстыра отырып, қоғамдық санада маңызды трансформациялар тудыратын медиаформаға айналып отыр.

Қорытынды

Болашақта хореографиялық мазмұндағы телесериал жанрын дамыту – отандық телевизия үшін стратегиялық және мәдени тұрғыдан өзекті бағыттардың бірі. Бұл салада би мен драматургияны синтездеу арқылы көркем-идеологиялық мазмұны терең теленарративтер қалыптастыруға толыққанды алғышарттар бар. Заманауи хореография мен дәстүрлі пластиканы үйлестіре отырып, Қазақстандағы урбанизация, әлеуметтік стратификация, құндылықтық трансформация және миграциялық үдерістер секілді күрделі қоғамдық құбылыстар көркемдік-пластикалық тілде бейнелеудің нақты тетіктерін жасау қажеттілігі туындайды.

Практикалық тұрғыдан алғанда, сюжет негізін өңірден шыққан жас адамның мегаполистегі кәсіби би мектебінде тұлғалық және әлеуметтік қалыптасу жолы құра алады. Мұндай сценарийлерде ауыл мен қала менталитетінің қақтығысы, дәстүр мен модерн арасындағы мәдени шиеленістер, ұрпақаралық түсініспеушілік, әлеуметтік мобильділік, шығармашылық еркіндік пен шектеулер көркемдік символика арқылы ашылады. Кейіпкердің хореографиялық тіліндегі трансформация оның ішкі дүниетанымдық эволюциясы мен әлеуметтік бейімделу механизмдерін нақты бейнелеуге мүмкіндік береді.

Хореографиялық телесериалдар гендерлік қатынастар, жасөспірімдердің болмыс ізденісі, әлеуметтік теңсіздік, эстетикалық тәрбиенің құндылықтық бағдарлары сияқты мәселелерді көркемдік-пластикалық деңгейде көрсету арқылы аудиториямен терең мәдени диалог орната алады. Мұндай жобалар хореографияны тек көркемдік форма емес, көрермен санасына әсер ететін мәдени-тәрбиелік медиамәтінге айналдырады.

Осыған орай, біз келешек зерттеулерде келесі бағыттарға назар аударуды ұсынамыз:

- Сценарийлік модельдерді отандық контекстке бейімдеу – заманауи хореография арқылы қазақстандық қоғамдағы мәдени шиеленістерді,

құндылық дағдарысын және тұлғалық трансформацияны көркемдік тұрғыда жеткізудің нақты құрылымдарын жасау;
- Мәдени-көркем интеграцияны жүзеге асыру – дәстүрлі би элементтері мен көше, заманауи би стильдерін драматургиялық мақсатпен ұштастыру;
- Хореографияны көрермен қабылдауы тұрғысынан зерттеу – көркем мазмұнның әлеуметтік әсерін анықтау үшін сапалы және сандық зерттеу әдістерін қолдану;
- Эстетикалық тәрбиені хореографиялық нарратив арқылы жүзеге асыру – жас ұрпақтың мәдени талғамын, шығармашылық әлеуетін қалыптастыруға бағытталған арнайы медиажобалар ұсыну.

Зерттеу нәтижелері қазақстандық медиамәдениет үшін де маңызды. Ұлттық хореография элементтерін (қазақ биінің рәміздік пластикасы, дәстүрлі фольклорлық мотивтер, тарихи сахналық қойылымдар) қазіргі телесериалдардың драматургиялық құрылымына енгізу мәдени кодтарды сақтаудың және көрерменмен байланыс орнатудың пәрменді жолы бола алады. Бұл тәсіл телеөнімдерде ұлттық мәдениет пен тарихи жадты көркемдік формада бейнелеудің тиімді құралы болып табылады.

Қорытындылай келе, хореографиялық телесериалдар – қазіргі медиамәдениеттегі репрезентация, идентификация және идеялық трансляция үдерістерін терең әрі көркем деңгейде бейнелеуге мүмкіндік беретін тиімді құрал. Бұл бағыт отандық мәдени өнімдердің ішкі мазмұнын байытып, көрермен санасында әлеуметтік-мағыналық ой тудыратын жаңа форматтарды қалыптастыруға жол ашады.

Дереккөздер тізімі

Harrington, Heather. "Consumer Dance Identity: The Intersection between Competition Dance, Televised Dance Shows and Social Media." *Research in Dance Education*, vol. 21, no. 2, 2020, pp. 169–187. DOI: 10.1080/14647893.2020.1798394.

Hu, Mengjie, et al. "Keyframe Control for Customizable Choreography with Style Maintenance." *Computers and Electrical Engineering*, vol. 117, 2024, article no. 109267. DOI: 10.1016/j.compeleceng.2024.109267.

Maiorani, Arianna, et al. "Towards Semiotically Driven Empirical Studies of Ballet as a Communicative Form." *Humanities and Social Sciences Communications*, no. 9, 2022, article 429. DOI: 10.1057/s41599-022-01399-8.

Malone, Michael. "Starz' Gritty Rookie Takes Viewers to Ballet." *Broadcasting & Cable*, 2 November, 2015, nexttv.com/news/starz-gritty-rookie-takes-viewers-ballet-145446. Accessed 22 April 2025.

Ollora-Triana, Natalia, et al. "Proceso semiológico en la ejecución de una actuación de danza: una revisión crítica." ["Semiologic Process in the Performance of a Dance Performance: A Critical Review."] *Arte, Individuo y Sociedad*, vol. 36, no. 1, 2024, pp. 199–210. DOI: 10.5209/aris.90332. (Испан тілінде)

Phillips-Fein, Jesse M. "How We Dance: Helping Students Unpack the Impact of Dance Television Shows." *Journal of Dance Education*, vol. 11, no. 4, 2011, pp. 134–136. DOI: 10.1080/15290824.2011.620937.

Van Leeuwen, Theo. "The Semiotics of Movement and Mobility." *Multimodality & Society*, vol. 1, no. 1, 2021, pp. 97–118. DOI: 10.1177/2634979521992733.

Вычужанова, Ляля. *Язык хореографии: философский анализ [Хореография тілі: философиялық талдау]*. 2009, Уфа, Башқұрт мемлекеттік университеті, докторлық диссертациясы, 177 б. (Орысша)

Жуйкова, Людмила, және Динара Есентаева. *Репертуарная политика балетных спектаклей ГАТОБ им. Абая и вопросы балетного симфонизма [Абай атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық опера және балет театрының балет спектакльдерінің репертуарлық саясаты және балет симфонизмі мәселелері]*. Алматы, Асыл кітап, 2016, 136 б. (Орысша)

Жумасеитова, Гульнар. *Хореография Казахстана. Период независимости [Қазақстан хореографиясы: тәуелсіздік кезеңі],* редактор Сейіт Қасқабасов, Алматы, Жібек жолы, 2014, 220 б. (Орысша)

Зарипов, Равиль, және Елена Валяева. *Драматургия и композиция танца [Би драматургиясы және композициясы]*. Санкт-Петербор, Лань, 2015, 768 б. (Орысша)

Ізім, Тойған. *Уақыт және би өнері*, редактор Қарлығаш Айтқалиева, Алматы, Мир, 2008. 190 б.

Молдахметова, Алима. *Режиссерская интерпретация казахского танца в хореографическом искусстве Казахстана конца XX – начала XXI века [Қазақ би өнерін режиссерлік интерпретациялау: XX ғасырдың соңы – XXI ғасырдың басы хореографиялық өнерінде]*. 2020, Алматы, Т. К. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы, философия докторы (PhD) диссертациясы, 164 б. (Орысша)

Сытова, Элеонора. *Хореографическое искусство и дети: эстетические и нравственные аспекты воспитания [Хореографиялық өнер және балалар: эстетикалық және тәрбиелік аспектілер]*. 2001, Ярославль, К. Д. Ушинский атындағы Ярославль мемлекеттік педагогикалық университеті, кандидаттық диссертациясы, 237 б. (Орысша)

Уразымбетов, Дамир, және Тоғжан Молдалім. «Хореографиялық жобаларға музыка жасау (жағдайлар мен бағыттар)». *Saryn*, т. 12, № 2, 2024. DOI: 10.59850/SARYN.2.12.2024.210. (Ағылшынша)

Устяхин, Сергей. *Феномен фолк-модерн танца в современной хореографии [Қазіргі хореографиядағы фолк-модерн би феномені]*. 2006, Саранск, Н. П. Огарев атындағы Мордовия мемлекеттік университеті, кандидаттық диссертация, 190 б. (Орысша)

Шанкибаева, *Алия. Казахская хореография: развитие форм и художественных средств [Қазақ хореографиясы: формалардың және көркемдік құралдардың дамуы]*. Алматы, ИП Волкова Н. А., 2011, 152 б. (Орысша)

References

Harrington, Heather. "Consumer Dance Identity: The Intersection between Competition Dance, Televised Dance Shows and Social Media." *Research in Dance Education*, vol. 21, no. 2, 2020, pp. 169–187. DOI: 10.1080/14647893.2020.1798394.

Hu, Mengjie, et al. "Keyframe Control for Customizable Choreography with Style Maintenance." *Computers and Electrical Engineering*, vol. 117, 2024, article no. 109267. DOI: 10.1016/j.compeleceng.2024.109267.

Izim, Toigan. *Uaḳyt jäne bi ônerì [Time and the Art of Dance]*, edited by Karlygash Aitkaliyeva, Almaty, Mir, 2016. (In Kazakh)

Jumasseitova, Gulnar. *Khoreografiya Kazakhstana. Period nezavisimosti [Choreography of Kazakhstan: The Independence Period],* edited by Seyit Kaskabasov, Almaty, Zhibek Zholy, 2014. (In Russian)

Maiorani, Arianna, et al. "Towards Semiotically Driven Empirical Studies of Ballet as a Communicative Form." *Humanities and Social Sciences Communications*, no. 9, 2022, article 429. DOI: 10.1057/s41599-022-01399-8.

Malone, Michael. "Starz' Gritty Rookie Takes Viewers to Ballet." *Broadcasting & Cable*, 2 November, 2015, nexttv.com/news/starz-gritty-rookie-takes-viewers-ballet-145446. Accessed 22 April 2025.

Moldakhmetova, Alima. *Rezhisserskaia interpretatsiia kazakhskogo tantsa v khoreograficheskom iskusstve Kazakhstana kontsa XX – nachala XXI veka [Directorial Interpretation of Kazakh Dance in the Choreographic Art of Kazakhstan at the End of the 20th – Beginning of the 21st Century]*. 2020, Almaty, Temirbek Zhurgenov Kazakh National Academy of Arts, PhD thesis. (In Russian)

Ollora-Triana, Natalia, et al. "Proceso semiológico en la ejecución de una actuación de danza: una revisión crítica." ["Semiologic Process in the Performance of a Dance Performance: A Critical Review."] *Arte, Individuo y Sociedad*, vol. 36, no. 1, 2024, pp. 199–210. DOI: 10.5209/aris.90332. (In Spanish)

Phillips-Fein, Jesse M. "How We Dance: Helping Students Unpack the Impact of Dance Television Shows." *Journal of Dance Education*, vol. 11, no. 4, 2011, pp. 134–136. DOI: 10.1080/15290824.2011.620937.

Shankibayeva, Aliya. *Kazakhskaya khoreografiya: razvitie form i khudozhestvennykh sredstv [Kazakh Choreography: Development of Forms and Artistic Means]*. Almaty, IP Volkova N. A., 2011. (In Russian)

Sytova, Eleonora. *Khoreograficheskoe iskusstvo i deti: esteticheskie i nravstvennye aspekty vospitaniya [Choreographic Art and Children: Aesthetic and Moral Aspects of Education]*. 2001, Yaroslavl, K. D. Ushinsky Yaroslavl State Pedagogical University, PhD thesis. (In Russian)

Urazymbetov, Damir, and Togzhan Moldalim. "Composing Music for Choreographic Projects: Cases and Trends." *Saryn*, vol. 12, no. 2, 2024, pp. 75–101. DOI: 10.59850/SARYN.2.12.2024.210.

Ustyakhin, Sergey. *Fenomen folk-modern tantsa v sovremennoi khoreografii [The Phenomenon of Folk-Modern Dance in Contemporary Choreography]*. 2006, Saransk, N. P. Ogarev Mordovian State University, PhD thesis's abstract. (In Russian)

Van Leeuwen, Theo. "The Semiotics of Movement and Mobility." *Multimodality & Society*, vol. 1, no. 1, 2021, pp. 97–118. DOI: 10.1177/2634979521992733.

Vychuzhanova, Lyalya. *Yazyk khoreografii: filosofskii analiz [The Language of Choreography: A Philosophical Analysis]*. 2009, Ufa, Bashkir State University, PhD thesis's abstract. (In Russian)

Zaripov, Ravil, and Yelena Valyayeva. *Dramaturgiya i kompozitsiya tantsa [Dramaturgy and Composition of Dance]*. St. Petersburg, Lan', Planeta muzyki, 2015. (In Russian)

Zhuikova, Lyudmila, and Dinara Yessentayeva. *Repertuarnaya politika baletnykh spektaklei GATOB im. Abaya i voprosy baletnogo simfonizma [Repertoire Policy of Ballet Performances at Abai State Opera and Ballet Theatre and Questions of Ballet Symphonism]*. Almaty, Assyl Kitap, 2015. (In Russian)

Қосымша

17–35 **Данияр Бержапраков, Хакобо Гаспар Грандаль**
Мануэль де Фальяның «Махаббат сағыну әніндегі» фламенко дәстүрі *Ағылшынша*

1-ші кесте. «Ғашықтық сағыныш әнінің» модальдық құрылымы

2-ші кесте. Ырғақтық суреттің құрылымы

3-ші кесте. «Ғашықтық сағыныш әнінің» метро-ырғақтық ұйымдастырылу ерекшеліктері

4-ші кесте. «Ғашықтық сағыныш әнінің» вокалдық мәтіні

1-ші мысал: «Ғашықтық сағыныш әні», 1–5 тактар. Осы және келесі мысалдардағы дереккөз: Falla, Manuel de. *El Amor brujo (Second Version)*. Chester Music, 1925. Партитура. Ноталық материалды теруді Д. Бержаправков Finale 2024 бағдарламасы арқылы жүзеге асырды.

2-ші мысал: Ішекті аспаптар партиясы, 1–6 тактар.

3-ші мысал: Скрипка партиясы, 1–4 тактар.

4-ші мысал: Вокал мен фортепиано партиялары, 22–27 тактар.

5-ші мысал: Вокал мен ішекті аспаптар партиясы, 61–68 тактар.

6-шы мысал: Гобой партиясы, 5–6 тактар.

36–47 **Виолетта Юнусова**
Музыкалық-мәдени дәстүр тұжырымдамасы және Дживани Михайловтың «Музыкалық глобусы» *Ағылшынша*

1-ші кесте. Дживани Михайловтың «Музыкалық глобусы»

1-ші сурет. Еуропаның басқа мәдениеттерге қатысты аймақтары.

48–62 **Акмарал Байкуатова, Раушан Нұртаза**
Қазақ музыкалық дәстүріндегі этнотерапия: дыбыстық орта және ішкі үйлесімділік
Ағылшынша

1-ші кесте. Қазіргі Еуропа мен Орталық Азиядағы музыкалық терапияға әртүрлі көзқарастардың мәні

2-ші кесте. Әрбір кезеңнің мақсатын, құрамын және бағыттарын ұсыну

3-ші кесте. «Этнотерапия» музыкалық терапиясына қатысушылар арасындағы сауалнаманың негізгі деректері

1-ші сурет. И. Земцовскийдің музыкалық қабылдау моделі: өзара байланысты үш деңгей.

63–85 **Зауре Смакова, Гульнара Кузбакова**
ҚАЗАҚ ДОМБЫРА КҮЙЛЕРІНІҢ БАЯНҒА ӨҢДЕУЛЕРІ КРОСС-МӘДЕНИ ФЕНОМЕН РЕТІНДЕ *Орысша*

1-ші кесте. Қазақстандық баяншылардың өңдеулеріне салыстырмалы сипаттама

2-ші кесте. Қазақстанның баян орындаушыларының өңдеу бағыттарының салыстырмалы сипаттамасы

3-ші кесте. Домбыра күйлері мен баян өңдеулердің кросс-мәдени өзара ықпалдастығы

1-ші мысал: Фортепианоға арналған Евгений Брусиловскийдің өңдеуіндегі Федор Легкунецтің баянға лайықтаған «Кеңес» халық күйі. Дереккөз: Смақова, Зәуре және Меделхан Қоңысбаев, құрастырушылар. *Қазақстан баян әдебиетінің антологиясы,* 2 бөлім, Алматы, Құнды қағаздар, 2013.

2-ші мысал: Құрманғазы «Балбырауын» күйінен үзінді. Дереккөз: Құрманғазы. *Күйлер,* құрастырушылар Айтжан Тоқтаған және Мұрат Әбуғазы, Алматы, Білім, 2005. 216 б.

3-ші мысал: Константин Ошлаковтың өңдеуінде Құрманғазының күйі «Балбырауын». Дереккөз: Ошлаков, Константин. *Баян үйрену мектебі: педагогикалық жоғары оқу орындары мен музыкалық училищелер студенттеріне арналған,* 4 бөлім, Алма-Ата, Жалын, 1979, 200 с.

4-ші мысал: Евгений Брусиловскийдің өңдеуіндегі Тұяқбаев транскрипциялаған Құрманғазының күйі «Балбырауын». Дереккөз: *Антология: Баян және аккордеонға арналған Қазақстан композиторларының танымал шығармалары,* құрастырушы Оңдасын Абдуллаев, Алматы, б. ж., 2010. 202 с.

5-ші мысал: Анатолий Гайсиннің өңдеуіндегі Құрманғазының күйі «Адай». Дереккөз: *Антология: Баян және аккордеонға арналған Қазақстан композиторларының танымал шығармалары,* құрастырушы Оңдасын Абдуллаев, Алматы, б. ж., 2010. 202 с.

1-ші сурет. Қазақстандық баяншылардың күйлерді өңдеу ісіндегі үлесі.

2-ші сурет. «Біләл Ысқақов – "Қоңырқаз" (Әшімтай)». Дереккөз: *YouTube*, Dombyra TV пайдаланушы жүктеген, 29 наурыз 2021, youtu.be/kKH2CpahLnA.

3-ші сурет. «Баян. "Саржайлау". № 9 сабақ». Дереккөз: *YouTube*, El kz пайдаланушы жүктеген, 13 тамыз 2021, youtu.be/StmWUx8D2tM.

4-ші сурет. «Құрманғазы – "Адай" (А. Гайсинның баянға арналған өңдеуі)». Дереккөз: *YouTube*, Talgat Polatov пайдаланушы жүктеген, 6 сәуір 2013, youtu.be/1eaAv9OW664. Талғат Полатовтың «Баян музыкасы кеші» (баян). Баян солосы: Ғалымжан Нарымбетов, Талғат Полатов. Дирижер: Ерболат Ахмедьяров. Құрманғазы атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық оркестрі, Алматы, 27 наурыз 2013.

Appendix

63–85

Zaure Smakova, Gulnara Kuzbakova

Button Accordion Arrangements of Kazakh Dombra Kui as a Cross-Cultural Phenomenon

In Russian

Ex. 1: Folk kui *Kenes* in piano arrangement by Yevgeniy Brusilovsky in arrangement for bayan by Fyodor Legkunts. Source: *Antologiya kazakhstanskoi bayannoi literatury [Anthology of Kazakhstan Bayan Literature],* edited by Zaure Smakova and Medelkhan Konysbayev, vol. 2, Almaty, Tsennye Bumagi, 2013. (In Russian)

Ex. 2: Kurmangazy, *Balbrauyn*. Fragment. Source: Kurmangazy. *Kùiler [Kuis],* compiled by Aitzhan Toktagan and Murat Abugazy, Almaty, Bilim, 2005.

Ex. 3: Kurmangazy, *Balbyrauyn*, arranged by Konstantin Oshlakov. Source: Oshlakov, Konstantin. *School of Bayan Playing,* vol. 4, Alma-Ata, Zhalyn, 1979.

Ex. 4: Kurmangazy, *Balbyrauyn*, arranged by Yevgeniy Brusilovsky in the transcription for bayan by Dosmukhamed Tuyakbayev. Source: *Anthology. Popular Works by Kazakh Composers for Bayan and Accordion*, compiled by Ondassyn Abdullayev, Almaty, n. p., 2010.

Ex. 5: Kurmangazy, *Adai,* arranged by Anatoliy Gaissin. Source: *Anthology. Popular Works by Kazakh Composers for Bayan and Accordion*, compiled by Ondassyn Abdullayev, Almaty, n. p., 2010.

Fig. 1. The contribution of Kazakhstan accordionists to the kui arrangements creation Source: Made by artificial intelligence (GPT-4o model, OpenAI), which generates automatic visualization.

Fig. 2. "Bilyal Iskakov – 'Ḳoṇyrḳaz' (Ắshìmtaì)". Source: *YouTube*, uploaded by DombyraTV, 29 March 2021, youtu.be/kKH2CpahLnA.

Fig. 3. "Bayan. 'Sarzhailau'. Lesson no. 9". Source: *YouTube*, uploaded by El kz, 13 August 2021, youtu.be/StmWUx8D2tM.

Fig. 4. "Kurmangazy – 'Adai' (arranged for bayan by A. Gaissin)". Source: *YouTube*, uploaded by Talgat Polatov, 6 April 2013, youtu.be/1eaAv9OW664. "The Evening of Button Accordion Music" of Talgat Polatov (button accordion). Button accordion solos by Galymzhan Narymbetov, Talgat Polatov, conductor Yerbolat Akhmedyarov, Kurmangazy Kazakh Academic Orchestra, Almaty, 27 March 2013.

Table 1. Comparative characteristics of arrangements by Kazakh button accordion performers

Table 2. Comparative characteristics of the styles of Kazakh button accordion performers

Table 3. Cross-cultural interaction of dombra *kuis* and accordion arrangements

86–107

Anipa Kussanova, Adilkhan Shorabek

Dance on Screen: Choreography as a Means of Representing Cultural and Cross-Cultural Codes in Television Series *In Kazakh*

Fig. 1. Structural dimensions of cultural representation and the ideological-functional content of television choreography (based on L. Vychuzhanova's works).

Fig. 2. The scene from the TV series "Flesh and Bone". Source: *YouTube*, uploaded by shannonsuxx, 13 February 2016, youtu.be/vCdR4_JHRZ4?. Accessed 10 March 2025.

Fig. 3. The scene from the TV series "Dance Academy". Source: *Official X account of Dance Academy,* 15 December 2016, x.com/danceacademyau/status/809134571094556672. Accessed 10 March 2025.

Fig. 3. The scene from the TV series "Step Up: High Water". Source: *IDMb*, imdb.com/title/tt7369974/mediaviewer/rm3037282816/. Accessed 10 March 2025.

Table 1. Comparative table of choreography content in TV series

Table 2. The ideological configuration of the choreographic segment

Приложение

17–35 **Данияр Бержапраков, Хакобо Гаспар Грандаль**
Традиция фламенко в «Песне любовной тоски» Мануэля де Фальи *На английском*

Таблица 1. Модальная организация «Песни любовной тоски»
Таблица 2. Структура ритмического рисунка
Таблица 3. Особенности метро-ритмической организации «Песни любовной тоски»
Таблица 4. Вокальный текст «Песни любовной тоски».
Пример 1: «Песня любовной тоски», такты 1–5. В этом и последующих в статье примерах источник: Falla, Manuel de. *El Amor brujo (Second Version)*. Chester Music, 1925. Партитура. Набор нотного материала осуществлен Д. Бержаправковым с использованием программы Finale 2024.
Пример 2: Партия струнных инструментов, такты 1–6.
Пример 3: Партия скрипки, такты 1–4.
Пример 4: Партии вокала и фортепиано, такты 22–27.
Пример 5: Партии вокала и струнных инструментов, такты 61–68.
Пример 6: Партия гобоя, такты 5–6.

36–47 **Виолетта Юнусова**
Концепция музыкально-культурной традиции и «Музыкальный глобус» Дживани Михайлова
На английском

Таблица 1. «Музыкальный глобус» Дживани Михайлова
Рис. 1. Регионы Европы по отношению к другим культурам.

48–62 **Акмарал Байкуатова, Раушан Нұртаза**
Этнотерапия в казахской музыкальной традиции: звуковая среда и внутренняя гармония
На английском

Таблица 1. Значение различных подходов к музыкальной терапии в современной Европе и Центральной Азии
Таблица 2. Представление цели, состава и направлений каждого этапа
Таблица 3. ПОсновные данные опроса среди участников музыкальной терапии «Этнотерапия»
Рис. 1. Модель музыкального восприятия И. Земцовского: три взаимосвязанных уровня.

86–107

Анипа Кусанова, Әділхан Шорабек

Танец на экране: хореография как средство репрезентации культурных и кросс-культурных кодов в телесериалах *На казахском*

Рис. 1. Структурные аспекты культурной репрезентации и идеолого-функционального содержания телевизионной хореографии (на основе трудов Л. Вычужановой).

Рис. 2. Кадр из фильма "Flesh and Bone". Источник: *YouTube*, загружено shannonsuxx, 13 февраля 2016, youtu.be/vCdR4_JHRZ4?. Дата доступа 10 марта 2025.

Fig. 3. Кадр из фильма "Dance Academy". Источник: *Официальныая страница Dance Academy в X,* 15 декабря 2016, x.com/danceacademyau/status/809134571094556672. Дата доступа 10 марта 2025.

Fig. 3. Кадр из фильма "Step Up: High Water". Источник: *IDMb*, imdb.com/title/tt7369974/mediaviewer/rm3037282816/. Дата доступа 10 марта 2025.

Таблица 1. Сравнительная таблица содержания хореографии в телесериалах

Таблица 2. Идеологическая конфигурация хореографического сегмента

27.09.2025 басып шығару үшін қол қойылған. Пішімі 60х84 1/8. Офсеттік қағаз 80 гр/м2. Цифлік басып шығару. Segoe UI қаріп түрі. Көлемі 13,25 шар. б. ш. п. Таралымы 100 дана. «Лайт Пресс» баспаханасында басылған. Алматы қ., Сейфуллин даңғылы 404/67, «Каскад» БО.

Подписано в печать 27.09.2025. Формат 60х84 1/8. Бумага 80 гр/м2 офсетная. Печать цифровая. Гарнитура Segoe UI. Объем 13,25 усл. п. л. Тираж 100 экз. Отпечатано в типографии «Лайт Пресс». г. Алматы, пр. Сейфуллина 404/67, БЦ «Каскад».

Signed to print 27.09.2025. Size 60x84 1/8. Plain paper 80 g/м2. Digital printing. Segoe UI font used. Volume 13,25 estimate printed sheets. Circulation 100 copies. Printed by the Light Press printing house. Cascade Business Center, 404/67 Seifullin Ave., Almaty.

Saryn